



«Бекітемін»

*Handwritten signature*

«Балапан» бөбекжай-балабақша  
менгерушісі Жармағамбетова Г.К

**БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА ӨТПЕЛІ  
ТАҚЫРЫПТАР бойынша «Ақбота» ортаңғы тобының  
перспективалық жоспары**

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** «Балапан» бөбекжай- балабақшасы

**Топ:** «Ақбота» ортаңғы тобы.

**Балалардың жасы:** 3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету):** Қыркүйек айы, 2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>ҚЫРКҮЙЕК</b>	Дене шынықтыру	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b>                      Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру;</li> <li>2) жүгіру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру</li> <li>3) секіру. Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын қалыптастыру;</li> <li>4) лақтыру, тастау, қағып алу. Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату;</li> <li>5) еңбектеу, өрмелеу. Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша", арасы алшақтанған заттар арасымен еңбектеу дағдыларын қалыптастыру;</li> <li>6) тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен, еңіс тақта бойымен (20-30 см) жүру дағдыларын қалыптастыру;</li> <li>7) сапқа қайта тұру. Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топтармен және барлық топпен қайта тұру дағдыларын қалыптастыру (тәрбиешінің көмегімен, бағдар бойынша).</li> </ol> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b>                      -велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру;</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b>                      -шынықтыру шараларын жүргізу.</p>

<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту;  <b>Сөздік қор:</b>  заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйрету;  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b>  зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану;  <b>Байланыстырып сөйлеу:</b>  - шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау;</p>
<p><b>Көркем әдебиет</b></p>	<p><b>Оқу, әңгімелеу.</b>  -ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға;</p>
<p><b>Қазақ тілі</b></p>	<p>-кейіпкерге, оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге баулу.</p>
<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p><b>Сан.</b>  - қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.  <b>Шама.</b>  <b>Геометриялық пішіндер.</b>  - Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуге үйрету.  <b>Кеңістікте бағдарлау.</b>  - өзінің дене мүшелерін (басы, аяғы, қолы) бағдарлау және атау.  <b>Уақытты бағдарлау.</b>  -тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн.</p>
<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p><b>Өсімдіктер әлемі.</b>  -туған өлкенің кейбір өсімдіктері, көкөністері мен жемістері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру;  <b>Жануарлар әлемі.</b>  -Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.  <b>Менің отбасым.</b>  -отбасылық суреттерді қарауға және отбасы мүшелері мен олардың әрекеттерін атауға үйрету.  <b>Көлік, байланыс құралдары.</b>  -көлік құралдарының түрлерімен таныстыру.  <b>Ересектердің еңбегі.</b>  -Балабақша, балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
<p><b>Құрастыру</b></p>	<p><b>Құрылыс материалдарынан құрастыру</b>  -әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру;  <b>Қағаздан құрастыру:</b>  -қағазды бүктеу, жырту, шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып, қағаз беттерін көлемді пішіндерге</p>

	<p>түрлендіру.</p> <p><b>Конструктор бөлшектерінен құрастыру.</b></p> <p>-ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру;</p>
<b>Сурет салу</b>	<p><b>Заттық сурет салу.</b></p> <p>-түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру:</p> <p><b>Сәндік сурет салу.</b></p> <p>-элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, ою-өрнектерді жазықтыққа орналастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу.</b></p> <p>-қоршаған әлемнің, өнер туындыларының әсемдігіне, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа ұлттардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p><b>Заттық мүсіндеу:</b></p> <p>-сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p><b>Заттық жапсыру:</b></p> <p>- дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету;</p>
<b>Музыка</b>	Музыка жетекші жоспарымен

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** «Балапан» бөбекжай- балабақшасы

**Топ:** «Ақбота» ортаңғы тобы.

**Балалардың жасы:** 3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету):** Қазан айы, 2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>ҚАЗАН</b>	Дене шынықтыру	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b>                      Қолға және иық белдеуіне, денеге, аяққа арналған жаттығулар қолдарын жоғарыға және жанына көтеру, бір қолындағы затты алдына әкеліп, екінші қолына ауыстыру; қолдарын шапалақтау.</p> <p>1) жүру. Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру</p> <p>2) жүгіру. Аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, шеңбер бойлап, тоқтай қалып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, алаңның бір жағынан екінші жағына және т.с.с. жүгіру;</p> <p>3) секіру. Тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>3) лақтыру, тастау, қағып алу. Қақпадан асыра лақтыру, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын қалыптастыру. Көлденең нысанаға, алысқа, тура нысанға лақтыру;</p> <p>5) еңбектеу, өрмелеу. Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша", арасы алшақтанған заттар арасымен, еденге қойылған тақта бетімен, 40 см биіктіктегі доғамен, арқанмен, еңіс тақта бойымен, бөрене арқылы орындық аяқтары арасымен еңбектеу дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>6) тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен, еңіс тақта бойымен (20-30 см) жүру дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>7) сапқа қайта тұру. Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топтармен және барлық топпен қайта тұру дағдыларын қалыптастыру (тәрбиешінің көмегімен, бағдар бойынша).</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық жаттығулар.</b>                      -музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b>                      -велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру;</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b></p>

	-шынықтыру шараларын жүргізу.
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>          Артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.</p> <p><b>Сөздік қор:</b>          Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы 35 қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b>          зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b>          - Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	<p><b>Оқу, әңгімелеу.</b>          суреттер бойынша таныс шығармаларды тануға, сұрақтарға жауап беруге;</p>
<b>Қазақ тілі</b>	<p>-тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға;          -сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру,</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Сан.</b>          - біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету;</p> <p><b>Шама.</b>          - ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру;</p> <p><b>Геометриялық пішіндер.</b>          - Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуге үйрету.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау.</b>          - өзінің дене мүшелерін (басы, аяғы, қолы) бағдарлау және атау.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b>          -тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн.</p>
<b>Жаратылыстану</b>	<p>-Ауа райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын бақылау</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі.</b>          -бөлме өсімдіктерінің түрлерін, олардың ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту</p> <p><b>Жануарлар әлемі.</b>          -Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p><b>Құрылыс материалдарынан құрастыру</b>          -әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру;</p> <p><b>Қағаздан құрастыру:</b>          -қағазды бүктеу, жырту, шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып, қағаз беттерін көлемді пішіндерге</p>

	<p>түрлендіру.</p> <p><b>Конструктор бөлшектерінен құрастыру.</b></p> <p>-ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру;</p>
<b>Сурет салу</b>	<p><b>Заттық сурет салу.</b></p> <p>-көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу</p> <p><b>Сәндік сурет салу.</b></p> <p>-элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, ою-өрнектерді жазықтыққа орналастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу.</b></p> <p>Қарапайым табиғат құбылыстарын, ертегі кейіпкерлерін бейнелеуге баулу</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p><b>Заттық мүсіндеу:</b></p> <p>-Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;</p>
<b>Жапсыру</b>	<p><b>Заттық жапсыру:</b></p> <p>- желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу,</p> <p>-жаймадағы дайын пішіндерге жағу;</p>
<b>Музыка</b>	Музыка жетекші жоспарымен